

«Ақмола облысы білім  
басқармасының Қорғалжын  
ауданы бойынша білім  
бөлімі Майшұқыр  
ауылының негізгі орта  
мектебі» коммуналдық  
мемлекеттік мекемесі



Коммунальное  
государственное учреждение  
«Основная средняя школа  
села Майшукур отдела  
образования по  
Коргалжинскому району  
управления образования  
Акмолинской области»

Майшұқыр кенті  
Абай көшесі, 16  
инд. 021305 тел. факс 5-14-68

с. Майшукур  
ул. Абая, 16  
инд. 021305 тел. факс 5-14-68

### Бұйрық №12

28 тамыз 2022 жыл

28 августа 2022 года

#### «Қамқоршылық кеңес құру туралы»

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 44-бабының 9-тармағына, ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына» сәйкес, білім беру ұйымын басқарудың ашықтығын қамтамасыз ету, қоғам мен ата-аналардың қатысуымен шешімдер қабылдау процесін дамыту мақсатында

#### БҰЙЫРАМЫН:

1. Майшұқыр ауылының негізгі орта мектебі жанынан Қамқоршылық кеңесі құрылсын.
2. Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және үйлестіру директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына Гайли Бахытжамал Даулетбековнаға жүктелсін.
3. Қамқоршылық кеңестің негізгі міндеттері:
  - білім беру ұйымының жарғысына сәйкес білім беру ұйымын басқаруға қатысу;
  - мектептегі білім беру, тәрбие процесін қолдау;
  - материалдық-техникалық базасын нығайтуға ықпал ету;
  - әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушыларға қолдау көрсету.
4. Қамқоршылық кеңес келесі құрамда бекітілсін:

| № | Аты-жөні                             | Лауазымы/қоғамдық орны             | Кеңестегі рөлі       |
|---|--------------------------------------|------------------------------------|----------------------|
| 1 | Самуратов Мейрам<br>Молдабекович     | Майшұқыр ауылының әкімі            | Төраға               |
| 2 | Аубакиров Өміржан<br>Коналович       | Бас маман                          | Төраға<br>орынбасары |
| 3 | Мухитова Гультану<br>Сакеновна       | Медбике                            | Хатшы                |
| 4 | Гайли Бахытжамал<br>Даулетбековна    | Мұғалім                            | Мүше                 |
| 5 | Жекежанова Гульнур<br>Амангельдыевна | Ата-аналар комитетінің<br>төрайымы | Мүше                 |

Қамқоршылық кеңестің жылдық жұмыс жоспары 10 жұмыс күні ішінде жасалып, бекітуге ұсынылсын.

Осы бұйрықтың орындалуын өз бақылауыма аламын.

Мектеп директоры:



Ж.Махметов

# Қамқоршылық кеңесінің жылдық ЖОСПАРЫ

2022-2023 оқу жылы

| №  | Атқарылатын жұмыстар                                                                                                                        | Мерзімі      | Жауапты                        |
|----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------|--------------------------------|
| 1  | Қамқорлық кеңесінің жоспарын бекіту.<br>Нормативтік құжаттармен танысу, негізгі бағыттарды анықтау.                                         | Қыркүйек     | Қамқоршылық кеңесінің мүшелері |
| 2  | Қамқоршылық кеңесінің отырыстарын өткізу                                                                                                    | Жыл бойы     | Қамқоршылық кеңесінің мүшелері |
| 3  | Мектепшілік барлық саладағы іс-шараларға қатысу (оқу үрдісі, тәрбие, құқық, әлеуметтік, психологиялық және мәдени іс-шаралар)               | Жыл бойы     | Қамқоршылық кеңесінің мүшелері |
| 4  | Мектептің материалдық-техникалық базасын жетілдіруге демеушілерді тарту.                                                                    | Жыл бойы     | Қамқоршылық кеңесінің мүшелері |
| 5  | Жалпы мектепшілік ата-аналар комитеті мен қамқоршылық кеңесінің бірлескен жұмысы.                                                           | Жыл бойы     | Қамқоршылық кеңесінің мүшелері |
| 6  | 1-10 сынып оқушыларының әр тоқсан сайын «Мектепшілік бақылау» сынақтарын алу барысын бақылау.                                               | Тоқсан сайын | Қамқоршылық кеңесінің мүшелері |
| 7  | Білім сапасын жақсарту мақсатында «Зерттеу сабақтары» тәсілін оқыту үрдісіне енгізу үрдісіне қатысу.                                        | Қыркүйек     | Қамқоршылық кеңесінің мүшелері |
| 8  | Дарынды балаларды қолдау                                                                                                                    | Жыл бойы     | Қамқоршылық кеңесінің мүшелері |
| 9  | Мектеп оқушыларына әлеуметтік қолдау көрсету. «Мектепке жол», «Қамқорлық» т.с.с. қайырымдылық акцияларын өткізуге ат салысу                 | Жыл бойы     | Қамқоршылық кеңесінің мүшелері |
| 10 | Жетім, жартылай жетім және отбасылық жағдайы төмен аз қамтылған отбасылардан шыққан балалардың жазғы демалысын ұйымдастыруға көмек көрсету. | Мамыр        | Қамқоршылық кеңесінің мүшелері |
| 11 | Психологиялық көмек – білім сапасын көтерудің алғы шарты (оқушылармен барлық психологиялық бағыттарда жұмыс жасау барысына қатысу).         | Жыл бойы     | Қамқоршылық кеңесінің мүшелері |
| 12 | Мектептің есеп беру жиналысына қатысу                                                                                                       | Мамыр        | Қамқоршылық кеңесінің мүшелері |
| 13 | Қамқоршылық кеңесінің жылдық есебі.                                                                                                         | Мамыр        | Қамқоршылық кеңесінің мүшелері |

# Қамқоршылық кеңесі отырысының жоспары

2022-2023 оқу жылы

| №                 | Орындалатын жұмыстар                                                                                                                                               | Мерзімі   | Жауапты                                         |
|-------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|-------------------------------------------------|
| <b>I-отырыс</b>   |                                                                                                                                                                    |           |                                                 |
| 1                 | Қамқоршылық кеңес төрайымын сайлау және кеңес мүшелері құрамын қайта бекіту туралы. Кеңес мүшелерінің міндеттерін тағайындау (төрайымы, орынбасары, жауапты хатшы) | қыркүйек  | Қамқоршылық кеңес мүшелері                      |
| 2                 | Мектеп директорының 2021-2022 оқу жылында атқарған жұмыстарының есебі                                                                                              |           | Мектеп директоры                                |
| 3                 | Қамқоршылық кеңес мүшелерінің 2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы                                                                           |           | Қамқоршылық кеңес мүшелері                      |
| <b>II-отырыс</b>  |                                                                                                                                                                    |           |                                                 |
| 1                 | Дарынды балаларды қолдау мақсатында атқарылатын жұмыстармен танысу, талқылау                                                                                       | желтоқсан | Қамқоршылық кеңес мүшелері                      |
| 2                 | Дарынды балаларды қолдау және тұрмысы төмен, аз қамтылған отбасы балаларына көмек көрсету (жаңа жыл мерекесінде сыйлықтар беру) мақсатында іс-шара ұйымдастыру     |           |                                                 |
| <b>III-отырыс</b> |                                                                                                                                                                    |           |                                                 |
| 1                 | Білім сапасын жақсарту мақсатында «Зерттеу сабақтары» тәсілін оқыту үрдісінің барысымен танысу                                                                     | ақпан     | Қамқоршылық кеңес мүшелері                      |
| 2                 | Наурыз мерекесін ұйымдастыру                                                                                                                                       |           | Қамқоршылық кеңес мүшелері<br>Мектеп әкімшілігі |
| <b>4-отырыс</b>   |                                                                                                                                                                    |           |                                                 |
| 1                 | Оқу материалдық базасының сақталуы және үнемі толтыруын қамтамасыз ету                                                                                             | сәуір     | Қамқоршылық кеңес мүшелері                      |
| 2                 | Оқу жылының аяқталуын қамтамасыз ету шаралары (салтанатты жиын, емтихандар, мектеп бітіру кештері)                                                                 |           |                                                 |
| <b>5-отырыс</b>   |                                                                                                                                                                    |           |                                                 |
| 1                 | «Қамқоршылық кеңесінің « жылдық есебіне талдау және енгізілген өзгертулер                                                                                          | мамыр     | Қамқоршылық кеңес мүшелері                      |
| 2                 | Түрлі санаттағы балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру мәселелері                                                                                                  |           | Қамқоршылық кеңес мүшелері                      |

**Қамқоршылық кеңес  
№1 отырысының  
ХАТТАМАСЫ**

**Өткізілген уақыты: 05.09.2022 ж**

**Қатысқандар: қамқоршылық кеңестің 5 мүшесі**

**Күн тәртібінде:**

1. Қамқоршылық кеңес төрайымын сайлау және кеңес мүшелері құрамын қайта бекіту туралы. Кеңес мүшелерінің міндеттерін тағайындау (төрайымы, орынбасары)
2. Мектеп директорының 2021-2022 оқу жылында атқарған жұмыстары туралы есебі
3. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша, қамқоршылық кеңес төрайымы сөз алып, жұмысына байланысты қамқоршылық кеңес мүшелеріне таныстырды. Қамқоршылық кеңес мүшелері бірауыздан қолдап, қарсы еместіктерін білдіріп, өз келісімдерін берді.

2022 жылғы қыркүйек айынан бастап кеңес төрайымын, мүшелерін қайта сайлау жұмыстарының шешімі бойынша төмендегі мүшелер ұсынылды.

| № | Аты-жөні                          | Қамқоршылық кеңес мүшелерінің қызметі |
|---|-----------------------------------|---------------------------------------|
| 1 | Самуратов Мейрам Молдабекович     | Төрайымы                              |
| 2 | Аубакиров Омиржан Коналович       | Орынбасары                            |
| 3 | Мухитова Гульбану Сакеновна       | Хатшы                                 |
| 4 | Гайли Бахытжамал Даулетбековна    | Мүшесі                                |
| 5 | Жекежанова Гульнур Амангельдыевна | Мүшесі                                |

Екінші мәселе бойынша мектеп директоры 2021-2022 оқу жылында атқарған жұмыстары туралы және бюджеттен бөлінген материалдық-техникалық база жөнінде есеп берді.

Ол өз сөзінде, өткен оқу жылындағы ұстаздар мен оқушылардың жеткен жетістіктеріне, мұғалімдерінің сапалық құрамына жете тоқталып өтті. Сонымен қатар, мектептің материалдық базасына білім бөлімінен берілген заттарды кесте түрінде көрсетіп, 2022 жылға арналған қаржылық жоспармен таныстырып өтті. Оқушыларға арналған 8 орынды әжетхана мектеп ішіне орнатылғандығы, өрт қауіпсіздігіне арналған дабыл қаққыш мектеп ғимаратының барлық жеріне орнатылғандығы жайлы айтып өтті.

Қайырымдылық акциялар кезінде 2 оқушыға мектепке қажетті оқу құралдары мен мектеп формалары демеушілер тарапынан ұйымдастырылып тарту етілгенін атап өтті.

Үшінші мәселе бойынша, қамқоршылық кеңес хатшысы 2022-2023 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарымен және отырыс жоспарымен таныстырды. Кеңес мүшелері бірауыздан келісімдерін берді.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе кеңес мүшелері келесідей шешім қабылдайды.

**Шешім:**

I. 1) 2022-2023 оқу жылында мектептің қамқоршылық кеңесінің төрайымы М.М. Самуратов және төрайымының орынбасары – Аубакиров О.К. болып бекітілсін.

- Кеңес мүшелері төмендегі ретпен қайта бекітілсін:

| № | Аты-жөні                          | Қамқоршылық кеңес мүшелерінің қызметі |
|---|-----------------------------------|---------------------------------------|
| 1 | Самуратов Мейрам Молдабекович     | Төраға                                |
| 2 | Аубакиров Омиржан Коналович       | Орынбасары                            |
| 3 | Мухитова Гульбану Сакеновна       | Мүшесі                                |
| 4 | Гайли Бахытжамал Даулетбековна    | Мүшесі                                |
| 5 | Жекежанова Гульнур Амангельдыевна | Мүшесі                                |

- Қамқоршылық кеңестің отырыстарын бұдан ары қарай өткізу мен ұйымдастыру кеңес төрайымы жүктелінсін.

II. 1) М директорының 2021-2022 оқу жылында атқарған жұмысының есебі «қанағаттанарлық» деп есептелінсін.

2) Қамқоршылық кеңес алдында директордың есебі оқу жылы көлемінде кемінде екі рет берілсін.

III. 1) Қамқоршылық кеңес мүшелерінің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.

2) Қамқоршылық кеңес 2022-2023 оқу жылына құралған жұмыс жоспарының жүзеге асырылуын қадағалау мен бақылау кеңес мүшелері мен кеңес төрайымы жүктелінсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:  
Хатшы:



М.Самуратов  
Г.Мухитова

**Қамқоршылық кеңес  
№2 отырысының  
ХАТТАМАСЫ**

**Өткізілген уақыты:** 12.12.2022 ж

**Қатысқандар:** қамқоршылық кеңестің 5 мүшесі

**Күн тәртібінде:**

1. Дарынды балаларды қолдау мақсатында атқарылатын жұмыстармен танысу, талқылау
2. Дарынды балаларды қолдау және тұрмысы төмен, аз қамтылған отбасы балаларына көмек көрсету (жаңа жыл мерекесінде сыйлықтар беру) мақсатында іс-шара ұйымдастыру

**Қай жерде қаралады:** Қамқоршылық кеңесте

**Бақылау түрі:** Тақырыптық

**Тыңдалды:**

**Бірінші мәселе бойынша** мектеп директоры сөз сөйледі. І жарты жылдықта атқарылған жұмыстар жөнінде есеп берді.

Оқу жылының басынан бастап дәстүрлі оқу форматынына оралған оқушылардың белсенділігі мен танымдық-қызығушылықтарына қолдау көрсету мақсатында қыркүйектің әр аптасында санитарлық талаптарды сақтай отырып, белгілі бір тақырыптармен бекітілген оқу-тәрбиелік іс шараларын жүзеге асыру жоспар бойынша өткізілуде.

1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында «Мектепке жол» акциясы аясында аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан балаларға көмек көрсету мақсатында мектеп ұжымы тарапынан 2 оқушыға кеңсе тауары және мектеп формасы берілді.

Жалпы білім беру қорынан 29 оқушыға көмек көрсетілді.

**Екінші мәселе бойынша**, мектептің оқушылары халықаралық, республикалық, облыстық және аудандық байқауларға қатысып дәрежелі дипломдармен марапатталуда. Сонымен қатар мектепшілік тәрбиелік іс-шаралар мен түрлі форматтағы байқаулар ұйымдастырылып оқушылар сыйлықтармен марапатталуда.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:  
Хатшы:



М. Самуратов  
Г. Мухитова

**Қамқоршылық кеңес  
№ 3 отырысының  
ХАТТАМАСЫ**

**Өткізілген уақыты:** 07.02.2023 ж

**Қатысқандар:** қамқоршылық кеңестің 5 мүшесі

**Күн тәртібінде:**

1. Білім сапасының жақсарту мақсатында «Зерттеу сабақтары» тәсілін оқыту үрдісінің барысымен танысу
2. Наурыз мерекесін ұйымдастыру

**Қай жерде қаралады:** Қамқоршылық кеңесінде

**Бақылау түрі:** тақырыптық

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша , 2022 жылдың қыркүйек күні мектепте «Сабақты зерттеу топтарының жұмыстарын ұйымдастыру тақырыбында» жиналыс өткізілді. Жиналысқа мектеп директоры, директордың орынбасарлары мен әдістемелік жетекшілері қатысып білім беру жағдайында сабақты зерттеу топтарының жұмысын ұйымдастыру ерекшеліктері талқыға түседі.

Негізгі мақсаты: мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру және озық іс-тәжірибелерді таратудың тиімді құралы ретінде сабақты зерттеу арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру. Жоспарланып отырған сабақты зерттеу үрдісіне мектептегі сабақ беретін мұғалімдердің барлығы қамтылды.

Наурыз мерекесін ұйымдастыру мектеп директоры жанындағы тәрбие ісі жөніндегі орынбасары сөз берілді. Наурыз мерекесі әр түрлі іс-шаралар өткізу жоспарлануда. «Наурыз-көктем» атты фото көрмелер ұйымдастыру және «Ұлттық ойын-ұлт игілігі» атты ұлттық ойындар өткізілуі. «Игі істер» күнін қткізу т.б. көптеген іс-шаралар жоспарланады.

Күн тәртібіндегі мәселелер қарастырылғаннан кейін кеңес мүшесі сөз алды. Осы іс шараларды оқушылар мен қамқоршылық кеңес мүшелері барлығымыз бірге шешуге белсенді түрде ат салысу керек.

**Шешім:**

2022-2023 оқу жылында қамқоршылық кеңесінің мүшелері күн тәртібіндегі мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру және озық-іс тәжірибелерді таратудың тиімді құралы ретінде сабақты зерттеу арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру және наурыз мерекесіндегі іс-шараларды өткізу туралы мәселелерді талқылай келе кеңес мүшелері келісіп бір ауыздан келісіп шешім қабылдады.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:  
Хатшы:



М. Самуратов  
Г. Мухитова

**Қамқоршылық кеңес  
№ 4 отырысының  
ХАТТАМАСЫ**

**Өткізілген уақыты: 12.04.2023**

**Қатысқандар: қамқоршылық кеңестің 5 мүшесі**

**Күн тәртібінде:**

1. Оқу материалдық базасының сақталуы және үнемі толтыруын қамтамасыз ету
2. Оқу жылының аяқталуын қамтамасыз ету шаралары (салтанатты жиын, емтихандар, мектеп бітіру кештері)

**Қай жерде қаралады: Қамқоршылық кеңесінде**  
**Бақылау түрі: тақырыптық**

**Тыңдалды:**

**Бірінші мәселе бойынша** сөз алған мектеп директоры мектептің материалдық техникалық базасын нығайту мақсатында жұмсалған қаражат есебін берді.

2022 жылдың бөлінген қаражат есебінен мектептің асханасы қажетті ыдыстармен жаңа орындықтармен толықтырылды. Мектеп кітапханасы толықтай заманауи үлгіде жабдықталды. Атап айтқанда электронды кітапхана тақтасы, айналымалы стиллаж жаңа шкафтар жасалынды.

Қосымша мектеп асханасы, кітапхана акт залының терезелеріне жалюздер тапсырысқа беріліп отырғанын тапсырыс дайын болысымен орнатылатындығын жеткізді.

**Екінші мәселе бойынша** мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары сөз алды. Алда өткізілетін шаралар жөнінде толық айтып өтті. Кеңес мүшелері бір ауыздан қолдау көрсететіндігін айтып өтті.

**Шешім:**

1-2 мәселе бойынша қаралған мәселелер нақтыланып жазбаса қорытындылансын.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:  
Хатшы:



М. Самуратов  
Г. Мухитова

**Қамқоршылық кеңес  
№ 5 отырысының  
ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген уақыты: 26.05.2023

Қатысқандар: қамқоршылық кеңестің 5 мүшесі

**Күн тәртібінде:**

1. Қамқоршылық кеңесінің жылдық есебіне талдау және енгізілген өзгертулер
2. Түрлі санаттағы балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру мәселелері

**Қай жерде қаралады:** Қамқоршылық кеңесінде  
**Бақылау түрі:** тақырыптық

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша- Мектеп директоры «Қамқоршылық кеңесінің» мүшелеріне жылдық есебіне талдау жасап толықтырулар мен өзгертулер енгізілгені туралы хабардар етті. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға қолдау көрсеткен жеке кәсіпкерлер туралы айтылып өтті.

Екінші мәселе бойынша- Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру бойынша қауіпсіздік ережелерімен таныстырылып өтті. Жазғы демалыста оқушылардың сақтық шараларымен қамтамасыз ету мақсатында ата-аналарға түсінік жұмыстары жүргізілді. 2023-2024 оқу жылына арналған қамқоршылық кеңесінің жұмысы талқыланды.

**Шешім:**

1. 2022-2023 оқу жылындағы өткізілген «Қамқоршылық кеңес» есебі қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыруда ата-аналармен бірлескен сақтық шаралары жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:  
Хатшы:



М. Самуратов  
Г. Мухитова